



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

№35 (1859)
22 қазан
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби
атындағы Қазақ
ұлттық университе-
тіне Сұлтан Сиариф
Касим атындағы
мемлекеттік ислам
университетінің
ректоры іссапар-
мен келді.

**Индонезия
университетімен
ынтымақтастық**



«Студент алмасу келісімі аясында ҚазҰУ-да халықаралық құқық, халықаралық қатынастар, экономика және менеджмент мамандықтары бойынша Индонезияның бес студенті білім алуда. Тағылым-дамадан өту, студент алмасу, ғылыми орта қалыптастыру және «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы аясында жетекші ғалымдардың дәріс оқуы белсенді түрде жүзеге асырылуда. ҚазҰУ білім мен ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту жөніндегі барлық бастамаларды қолдауға дайын», – деді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Кездесуде Сұлтан Сиариф Касим атындағы мемлекеттік ислам университетінің ректоры өзі жетекшілік ететін ЖОО қызметіне тоқталып, университетаралық байланысты нығайтуға қызығушылық танытып, ҚазҰУ ұжымының қонақжайлылығы мен жылы қабылдауына алғысын білдірді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Ұлттық мерекеде үздіктер марапатталды



Әл-Фараби
атындағы Қазақ
ұлттық универси-
тетінде Республи-
ка күніне арнал-
ған салтанатты
жиын өтті.

Мерекелік шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты. ЖОО басшысы өз сөзінде елі-

мізде биыл орын алған маңызды оқиғаларға тоқтала келе, жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы білімді жастардың рөлін айрықша атап өтті. Бұл бағытта университетте атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды тілге тиек етті.

Құттықтау сөзден соң, ҚазҰУ ректоры білім мен ғылымды дамытуға елеулі үлес қосқан университеттің оқытушы-профессорлары мен қызметкерлерін «Ерен еңбегі

үшін» медалімен және «Құрмет грамотасымен» марапаттады.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. «Тұмар» тобы халық әндерінен попури орындап, көпшіліктің көңіл күйін көтерді. Сонымен қатар ҚазҰУ өнерпаздарынан құралған «Фараби» ансамблі, бишілері мен әншілері ән-жырдан шашу шашып, мерекелік кештің сәнін кіргізді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

**Ғасырлар жүгін
арқалаған ерекше кезең**

3-бет



Мұхтар ЖӨРГЕНБАЕВ:

**Тергеуші де шәкірт
тәрбиелеуі тиіс**

5-бет



Талант МАУҚАНҰЛЫ:

**ҚазҰУ-мен ортақ жоба
жасамақ ойым бар**

7-бет

ҚазҰУ жастары Әнұран айту челленджін қолдады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студент жастары Республика күніне арналған патриоттық челленджді қолдап, 7 нүктеде Мемлекеттік Әнұранды шырқады.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде І Халықаралық архившілер конгресінің «Архивтер, музейлер және кітапханалар: ұлттық жадты сақтау міндеттерінің бірлігінде білім беру траекториясын өзгерту» атты диспут-сессиясы өтті. Оған қазақстандық мамандармен қатар, шетелдік эксперттер, университет оқытушы-профессорлары мен білім алушы жастары қатысты.

Архив ісін дамыту жайы талқыланды



Іс-шара модераторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев алдымен құрметті қонақтарды таныстырып, университеттің архившілер мен құжаттанушы мамандарды даярлауда алдыңғы орында екенін жеткізді. «Бүгінде ҚазҰУ-дың Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.

Жақын арада университеттің Ыстамбұл және Бішкек филиалдарында осы сала бойынша мамандар даярлау және ҚазҰУ ба-

засында Орталық Азия бойынша «Құжаттану және мұрағаттар» ғылыми орталығын ашу жоспарлануда», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ басқосуда архив ісін дамыту, тарихи-құжаттық мұраны сақтаудың өзекті мәселелері және деректанудың жаңа бағыттары талқыланды.

ҚР Президентінің архиві Халықаралық архивтер кеңесі бастамасымен өтіп жатқан шараға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Сыртқы істер министрлігі және Алматы қаласы әкімдігі қолдау көрсетуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Цукуба университетінің профессоры Такаши Ниномиямен кездесті.

Жапондық профессормен кездесу



Университет басшысы өз сөзінде екі жоғары оқу орны арасындағы ынтымақтастық барысына тоқталды. Цукуба университетімен келісімге қол қойылған сәттен бастап ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін дамытуға бағытталған бірқатар жобалар іске асырылды. Биыл 8 докторант, 1 магистрант, 15 бакалавр және 4 ҚазҰУ қызметкері Жапонияда академиялық ұтқырлық бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуде. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да Кобе, Токио шет тілдер және Токио университеттерінен алты студент білім алууда.

«Сіздің Цукуба университетіндегі «Кампустағы кампус» жобасының үйлестірушісі ретіндегі жұмысыңызды ерекше атап өткім

келеді. Жоба аясында ҚазҰУ-мен қатар, Бордо, Тайвань, Сан-Паоло, Гренобль, Утрехт сынды әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен табысты жобаларды жүзеге асырып келесіз», – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

Жапондық профессор шығыстану саласындағы білікті маман ретінде ҚазҰУ-да 2014 жылдан бері сабақ беріп келеді. Бүгінде оның үйлестіруімен Цукуба университетінде Әл-Фараби орталығы ашылып, жүйелі жұмыс істеуде. ҚазҰУ ректоры әңгіме барысында бірлескен жобалар мен білім беру бағдарламаларын дайындауға атсалысқаны үшін профессорға алғыс білдірді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Жастар форумында жеңімпаздар анықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күніне орай, «Әділ мемлекет. Біріккен ұлт. Өркендеген қоғам» атты республикалық жастар форумы өтті.



қелген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев: «Жастар – тәуелсіз Қазақстанның болашағы. Студенттер сапалы білім, саналы тәрбие алып, ел мен жеріміздің гүлденуіне үлес қосуға тиіс. Мемлекетіміздің бәсекелі қоғамға бой түзеуі сіздердің алған білімдеріңіз бен қабілет-қарымдарыңызға байланысты. Олай болса, бәріміз Отанымызға адал қызмет етейік», – деп өз ойын қорытындылады.

Форум жұмысы негізінен үш кезеңді қамтыды. Айта кетерлігі, «Атамекен» тақырыбында диктант жазуға ҚазҰУ-дың 16 факультетінен 500-ге жуық студент қатысты. Бірінші және екінші орын филология факультетінің студенттеріне (Аружан Салықова,

Айдана Еркебаева) бұйырса, үшінші орынды механика-математика факультетінің студенті Халинұр Сатыбалдиева еншіледі.

Ал «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбындағы эссе жазу байқауына қазақ тілінде 80 жұмыс, орысша 10 және ағылшын тілінде жеті жұмыс түсті. Гран-при жүлдесін журналистика факультетінің студенті Дінмұхамед Атай жеңіп алса, бірінші орынды биология және биотехнология факультетінің студенті Алтынай Шаяхметова иемденді. Екінші орын филология факультетінің студенті Айназ Есекешке, ал үшінші орын журналистика факультетінің 3-курс студенті Анита Елубаеваға бұйырды.

Барлық жеңімпаздар І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды және оларға бір реттік шәкіртақы тағайындалды.

Ал соңғы үшінші кезеңде байқау жеңімпаздарының жұмыстары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне жолданды.

Форум соңында студенттер жанды дауыста «Атамекен» әнін шырқады.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Мереке жәрмеңке мен марафонға жалғасты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күніне арналған апталықтың қорытындысы ретінде марафон, салтанатты шеру, форум және жәрмеңке ұйымдастырылды.



«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Республика күні қайта жанданып, ұлттық мереке ретінде бекітілді. Маңызды мереке аясында университетімізде арнайы іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсат – білім алушы жастардың бойындағы патриоттық сезімді ояту, елін, жерін сүйетін азамат етіп тәрбиелеу. Баршаңызға мықты денсаулық, әр шаңыраққа бақыт-береке тілеймін», – деді университет басшысы Жансейіт Түймебаев

Арнайы ұйымдастырылған мерекелік күзгі марафонға уни-

верситет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы, шетелдік мұғалімдер мен 1000-нан астам білім алушы жастар қатысты. Күзгі спартакиада картасындағы квест ойыны қызықты әрі көңілді болды. Спорттық іс-шаралар салауатты өмір салтын ұстануға, денешынықтыруды насихаттауға үндейді.

Марафон соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев 1000 қатысушының арасынан суырылып шығып, алғаш келген жеңімпаздарға арнайы кубок-



тар мен Алғыс хаттар табыстады.

Сонымен қатар жастар арасында шахмат, қазақша күрес, еркін күрес, тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылды.

Сондай-ақ қатысушылар мен қонақтар ҚазҰУ-дың «Алтын күз» жәрмеңкесін тамашалады. Жәрмеңкеде қолөнер бұйымдарының бірегей үлгілері, түрлі ұлттың тағамдары, кондитерлік және азық-түлік өнімдері қойылды. Сурет көрмесінің экспозициясында студенттердің стартап жобалары ұсынылды.

Іс-шара студенттердің қатысуымен өткен мерекелік шерумен аяқталды. Жастар қолдарына Қазақ елінің туын ұстап, Әл-Фараби даңғылынан «Мәңгілік ел» аркасына дейін барып, республика бойынша басталған челленджді қолдап, мемлекеттік Әнұранды шырқады.

Гүл БАЯНДИНА



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Республика күнін қайта жаңғыртып, ұлттық мереке ретінде бекітуі жаңа Қазақстан құру жолында маңызды және тарихи шешім болды. 1990 жылы 25 қазанда қабылданып, Қазақстанның шекарасы, азаматтығы, дипломатиялық дербестігі, ресми рәміздері бекітілген Мемлекеттік егемендік туралы декларация тәуелсіздігіміздің басты алғы-шартына, негізгі тірегіне айналды.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Ғасырлар жүгін арқалаған ерекше кезең

Мемлекет басшысы Респуб-лика күніне орай Ақордада өткен салтанатты жиында: «Бұл – қа-зақтың сан ғасырлық мем-лекеттілік дәстүрі жаңғырған күн. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа ай-налған күн. 1990 жылы 25 қа-занда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат тәуелсіздігіміздің сая-си-құқықтық негізін қалыптас-тырды. Бір сөзбен айтсақ, дек-ларация – еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат», – деп мәлімдеді.

Шынында да, еліміз үшін еге-мендік – ғасырлар жүгін арқала-ған ерекше кезең ретінде құнды. Заманауи теорияларда мемлекет дамуының негізгі үш шарты ерек-ше көрсетіледі: биік мақсат-мұ-ратты алға қойып, іске асыра алатын саяси лидердің болуы; мемлекетте сындарлы страте-гиялық даму жоспарының жұмыс істеуі; адами капитал мен білікті-лігі жоғары еңбек ресурстарының мемлекет дамуына ықпалы. Бүгінгі таңда осы үш шарт – ұлт тұтастығының үш тағаны, тәуел-сіздігіміздің берік кепілі.

Мерекелік басқосуда: «Мен Ұлытауда өткен алқалы жиында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсындым. Оны Қазақстанның басты мейра-мы ретінде атап өту туралы бас-тама көтердім. Бұл бастама хал-лықтың кең қолдауына ие болып, тиісті заңға өзгеріс енгізілді. Биылдан бастап Республика күні – ұлттық мереке. Енді бұл мей-рамды күллі ел болып жаңа маз-мұнда атап өтетін боламыз. Қай-та жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көте-ріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам», – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүрген жерінде үнемі «Әділетті мемлекет. Біртұ-тас ұлт. Берекелі қоғам» жайын-да айтады. Бұл пафос емес, шын мәнінде осындай қоғам құру – бәріміздің көкейіміздегі асыл мұратымыз. Өйткені «бірлік бар жерде тірлік болатынын» біздің дана халқымыз ежелден-ақ біл-ген.

Қаңтар оқиғасынан басталған осы жыл тәуелсіздікті алудан оны сақтап қалу шын мәнінде қиын екенін көрсетті. Ауызбіршіліктің, бейбіт өмірдің қаншалықты қым-

бат екенін айқын сезіндік. Жаңа саяси реформалар мен оң өзге-рістер қажеттілігі туындады. Өздеріңіз білесіздер, Прези-дент 7 қаңтардағы үндеуінде: «Еліміздегі қайғылы жағдай де-мократия мен адам құқығы мәсе-лелерінің жаңа қырын ашып көрсетті. Біздің тарихымыздағы осы бір қиындықты тез арада ең-серетінімізге ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, болашақта мұн-дай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек», – деп баса айтты.



Сондай-ақ 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында: «Біздің мұратымыз – жаңа Қазақ-станды құру. Мен азаматта-рымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын. Ең бастысы – еліміздің егемен-дігі. Шын мәнінде біз үшін Қазақ-станның тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылма-лы әлемде Қазақстанымыз біз-ден басқа ешкімге керек емес. Сондықтан маған елімнің аман-дығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ. Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бү-гінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше жаңа Қазақ-станды бірге өркендетейік!» – деп үлкен сенім артты.

Президент бастамасымен маусым айында Ұлытау төрінде Ұлттық құрылтай өтіп, елдік мәсе-

лелер көтерілді. Маусым айында жалпыхалықтық референдум қолдау тауып, Конституциямыз заман талабына сай жаңарды. Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы жолдауында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» қалыптастыру бағыттарын айқындап берді.



Алдағы 20 қараша күні кезек-тен тыс президент сайлауы өтеді. Ел болашағы үшін әрбір азамат өз таңдауын жасап, белсенділік танытарына сенемін.


Президент атап өткендей: «Біз бүкіл ел болып жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбе-гейлі жаңаруы керек. Сонда ұлт-тың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша елі-міз жаңарады. Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз».

«Әрбір азаматымыз қастерлі Отанымызға деген сүйіспеншілігін мемлекеттік рәміздерге құрметі арқылы көрсете алады. Қазір байрағымызды қоғамдық жер-лерде және жекеменшік орын-дарда қоюға еш тыйым жоқ. Біз домбыраға әр қазақтың төрінен орын бар дейміз. Бұл дұрыс. Сол сияқты еліміздің әр отбасында көк байрағымыз тұрса, өте жара-сымды болатыны сөзсіз. Біздің туымызда халқымыздың бүкіл рухы көрініс тапқан», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Расында да, қасиетті қара домбырамен бірге көк туымыз әр үйдің төрінде тұрса жарасымды. Бұл біздің ел мен жерге деген

сүйіспеншілігіміздің, құрметіміз-дің көрінісі болар еді.

Президент тіл мәселесін де үнемі басты назарда ұстайды. «Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің мін-деті. Бұл жұмыс еш тоқтамайды, жалғаса береді. Жақында мен «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілдер



– тірлік үшін» деп айттым. Жастарымыз көп тіл білген сайын бәсекеге қабілетті, білікті маман болады. Тіл, ұлтаралық қатынас – ішкі тұрақтылыққа ықпал ететін өзара тығыз әрі маңызды фак-торлар. Сондықтан мұндай ма-ңызды мәселелерден саяси құрал жасауға болмайды. Осындай қоғамдық тұрғыдан сезімтал мә-селелерді саясиландырудың кесірінен кейбір елдер қасіретті жағдайға ұшырады. Бұл біздің жол емес», – деді Мемлекет басшысы.

Шын мәнінде мемлекеттік тілдің дамуына әрқайсымыз адал еңбегімізбен үлес қосуға ниетті болайық. Бос айқай-шу, даңғазалық қоғамға ешқандай абырой әпермейді.

«Мақсатымыз – әділетті Қа-зақстанды құру. Қазір біз осы күрделі жолдың басында тұрмыз. Мен үшін халықтың және мемле-кеттің мүддесі бәрінен биік. Сол себепті мен осы стратегиялық бағытты еліміздің басты бағдары ретінде жарияладым. Бұл жол-дағы барлық жауапкершілік жүгін арқалауға дайынмын», – деді Мемлекет басшысы.

Еліміздің бәсекеге қабілетті қуатты мемлекетке айналғанын қаласақ, Мемлекет басшысы идеясының төңірегіне топтаса-йық. Президентімізге сеніп, «бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шық-қан» жағдайда ғана біз берекелі қоғам құра аламыз.

Мемлекет басшысы көздеген жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды

бәсекеге қабілетті жастар, өз кө-сібін жетік меңгерген кәсіби ма-мандар, білікті ғалымдар ғана қалыптастыра алады.

Ғұлама ғалым әл-Фараби ба-бамыздың «Бір елдің болашағын білгің келсе, ол елдің жастарына қара» деп қалдырған өсиеті бар. Тәуелсіздік тұғырын нығайтып, мемлекетімізді биіктерге көтеру – жастардың қолында. Ал сол жастардың қанатын қатайтып, тәрбиелеу – ұстаз-ғалымдардың міндеті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы өзіне жүктелген бұл міндетті ең жоғары деңгейде орындауға күш салады, осы бағытта атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар да аз емес.

Оқу орнымыз биыл QS WUR әлемдік рейтингінде 150-орынға көтерілді. Үкімет қаулысымен ҚазҰУ-ға зерттеу университеті мәртебесі берілді.

Мемлекет басшысының қол-дауымен Түркияның Ыстамбұл қаласында және Қырғыз Респуб-ликасының Бішкек қаласында ҚазҰУ филиалдары жұмыс істей бастады. Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы ашылды.

Биылғы 1 маусымда Мемле-кет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ресми сапармен келіп, оқу орнымыздың қызметімен және ҚазҰУ құрылысының екінші кезеңінің жоспарымен танысты. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін университетіміздің оқытушы-профессорларына, ғалымдары-мызға үлкен жауапкершілік жүк-телуде.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ-да ғылы-ми жетістіктері Қазақстан мен шетелдерде жоғары бағаға ие 40 жасқа дейінгі 300-ден астам жас ғалым жұмыс істейді. Биылғы 2022 жылы жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру аясында 900 млн теңгеден астам 60-қа жуық жоба орындалуда.

Университетте көшбасшылық дәрістер жүйелі өткізіліп, мемле-кет және қоғам қайраткерлері, елші-дипломаттар, шетелдік ға-лым-профессорлар тәжірибеле-рімен бөлісіп отырады.

Студенттердің игілігі үшін ау-диториялар мен жатақханаларға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Республика күні қарсаңында екі үлкен жатақхана күрделі жөндеу-ден өтіп, студенттерге пайдалану-ға берілді. ҚазҰУ қалашығы ау-мағында жаңадан заманға сай дәмханалар, ғаламтор-кафелер, дүкендер, кофеханалар мен көшірме орталықтары ашылды.

Ұлттық мереке аясында уни-верситетімізде арнайы іс-шара-лар, апталықтар, көшбасшылық дәрістер ұйымдастырылды. Жас ғалымдар мен үздік білім алу-шылар форумы, Республикалық жастар форумы, Студенттік спар-такиада апталығы, жалпыуни-верситеттік марафон, «Алтын күз» жәрмеңкесі және республи-калық челленджді қолдау шарасы ұлттық мерекені ұлықтау және студенттерді отансүйіштік рухта тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылды. Жастарды жаңа қазақстандық патрио-тизмге баулу ҚазҰУ оқытушы-профессорларының алдағы уа-қытта да басты бағдары болып қала бермек.

Ғылымның болашағы жастардың қолында

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күніне орай, жас ғалымдар мен үздік білім алушылар форумы өтті. Форумды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, Республика күніне арналған шараның мәні мен маңызын атап өтті. Форумда университеттің жас ғалымдары өз ойларын ортаға салып, ғылымды дамытуға қатысты нақты ұсыныстарын айтты.

Бүгінде ҚазҰУ-да 40 жасқа дейінгі 300-ден астам жас ғалым жұмыс істейді. Олардың ішінде 49-ы – Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жас ғалым» жобасының жеңімпазы. Жиын соңында ректор жас ғалымдармен еркін форматта кездесіп, ғылымдағы өзекті мәселелерді талқылау үшін Жас ғалымдар клубын құруды және ғылыми жетістіктер көрмесін ұйымдастырып, ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізуге жол ашатын Жас ғалымдар қорын құруды тапсырды.

Елдар НҰРҰЛЫ, география және табиғатты пайдалану факультетінің оқытушысы, PhD-кандидаты, коммерцияландыру бойынша жобаларды орындаушы:

Ғылым мен өндірісті ұштастыру – өзекті мәселе

Қазіргі таңда ғылым мен өндірісті ұштастыру, коммерцияландыру – өте өзекті мәселе. Осы орайда, біз «Ғылым қоры» желісі бойынша «Туризмнің цифрлық контентін жаңғырту: мобильді қосымшалар, панорамалық 3D турлар, интерактивті карталар және QR кодтар» жобасын жүзеге асырудамыз. Бүгінде аталмыш жоба постреализация кезеңінен өтуде. Бұл жобаның миссиясы – еліміздің экономикасын әртараптандыру және Қазақстанның туристік дестинациялары туралы ақпарат проблемаларын ішкі туризмді дамыту арқылы шешу. Осы мәселелерді біз цифрлық технологияларды қолдану арқылы іске

асырудамыз. Атап айтқанда: мобильді қосымшалар, панорамалық 3D виртуалды турлар, QR кодтарды генерациялау, интерактивті карталар.

Жоба аясында туристік қызметтерді тұтынушылар мен жеткізушілер үшін «2 TourismKaz» мобильді қосымшалары әзірленді. Қазақстанның туризмі туралы әзірленген интерактивті портал жаңа туристік нысандармен толықтырылуда. Жаңадан Қонаев қаласы және оның айналасы бойынша панорамалық 3D-турлар құрастырылды. Бұған дейін Алтай, Маңғыстау, Бурабай, Рахманов бұлақтары және т.б. бойынша 3D-турлар жасалған бо-



латын. Сондай-ақ Қазақстанның жаңа 100-ден астам объектісінің QR кодтары генерацияланды. Бүгінгі таңда, яғни соңғы 10 айда сату көлемі 21 млн теңгеден асты. Әзірленген «TourismKaz» мобильді қосымшаларына қорғау құжаттары алынып, оларды App Store және Google Play-ден тегін жүктеп алуға мүмкіндік бар.

Айдана ТОҚБЕРГЕН,

«Халықаралық қатынастар (РУДН)» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты:

Серіктес университеттер ғылыми топ құрса...

Ел Үкіметі еліміздің экономикалық дамуымен қатар, білім деңгейіне де назар аударуда. Осы бағытта әртүрлі реформалар қабылданды. Олардың мақсаты – мемлекет қажеттілігіне сәйкес, білім беру сапасын жақсарту және жоғары дамыған шетелдердің тәжірибесін енгізу.

Осы үдеден шығып отырған университеттердің бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 2009 жылдан бастап білім ордасында бакалавриат пен магистратураның бірқатар өзекті және суранысқа ие мамандықтары бойынша қос диплом бере отырып, магистрлік білім беру бағдарламаларын іске асыру табысты жүзеге асырылуда. ҚазҰУ студенттерінің әрқай-



сысы халықаралық білім беру бағдарламаларында сапалы білім беру қызметтерін, серіктес жоғары оқу орындарының жетекші оқытушыларынан озық білім алады. ҚазҰУ студенттері тұрғылықты жері бойынша шетелдік білім беру бағдарламаларының

модульдерін тыңдап, оқу-әдістемелік әдебиеттермен толық қамтамасыз етіледі, сондай-ақ соңғы интернет-технологияларды пайдалана алады.

Өз басым Ресей халықтар достығы университетінде оқып, тәжірибе жинап келгендіктен, серіктес университеттер арасында ғылыми серіктестіктің аз екенін байқадым. Бұл бағытта жұмысты ілгерілету үшін менің ұсынысым – екі серіктес университет арасында ғылыми топтар құру және бұл топтардың жұмыс жасауға деген мотивациясын көтеру үшін әртүрлі жобалар, конкурстар ұйымдастыру. Бұл ғылыми бағыттағы жұмыстың сапалы дамуын тездетуге көмек береді деп ойлаймын.

Аружан ҚАБДОЛОВА, «Қоғаммен байланыс» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті:

Журналистика ғылымға негізделуі қажет

ҚазҰУ – мүмкіндіктер мекені. Бүгінгі таңда көптеген пароль, яғни кілт сөздердің орнына Apple бастамасын әлем қолдауда және біз соған дағдыланып, болашақта «Универ» жүйесіне қарапайым кілт сөзден гөрі QR-код арқылы кіруге көшсе, кез келген студент ұялы телефон арқылы тек Google платформасы кілт сөзді сақтау арқылы ғана емес, жүйеге бірден Face ID бет әлпетін тану арқылы кіру құрылғысын жасап шығарса, студенттер қызығушылығы артар еді.

Журналистика қазір тамыры тереңде жатқан шынайы ақпараттарды зерттеп ашып, цифрландырылған жүйелерді date journalistic, digital PR, медиа дизайн аудиовизуалмен жұмыс

жүргізіліп, мамандар даярлауда. Журналистика шын мәнінде ғылымға негізделген болуы қажет. Біздің оқу процесі жаңа инновациялық жүйеге негізделген.

Бүгінгі форумның спикері ретінде менің ұсынысым: бакалавриаттан бастап, білімгерлерді ғылыми жобаларға қатыстыру. Мәселен, университетте 500-ге жуық ғылыми жоба республика көлемінде іске асырылуда. Сонымен қатар 100-ден астам халықаралық жоба да бар. Менің ойымша, бакалавриат білімгерлері университет деңгейінде бірқатар ғылыми жобаларды дайындап, іске асыруға дайын. Бұл ұсыныс инициативті түрде оқылып жатқан пәндер деңгейінде жүргізілуі мүмкін. Сондай-ақ уни-



верситет жыл сайын бакалавриатқа арналған конкурсты ұйымдастырса біз, білімгерлер, белсенді түрде қатысамыз. Жоба нәтижелері кәсіби маман болуымызға үлес қосады және білім мен ғылымды тығыз интеграцияландыруға есер етеді.

Айгерим МАМИРОВА, PhD, пост-докторант факультета биологии и биотехнологии:

Предлагаем внедрить программу «Научный акселератор»

– Как молодые ученые мы хотим предложить несколько новых возможности, которые мы можем представить. Известно, что ученые находятся на пике творчества, креативности и инновации на тот момент, пока они молодые. Например, Чарльз Дарвин в 22 года совершил кругосветное путешествие, Томас Эдисон в 30 лет открыл томограф, Альберт Эйнштейн придумал свою «Теорию относительности» в 26 лет. Более того, согласно исследованиям было доказано, что наша изменчивость мозга гибка и оптимальна до 30 лет.

В связи с этим, создание новых возможности для самореализации молодых ученых не только актуально, но и первоочередно. Такие стипендиальные программы как «Болашақ», «Абай Верн», конечно помогают, но мы хотим расширить эти возможности для молодых ученых. Для этого предлагаем внедрить программу «Научный акселератор». Фокус этой программы заключается



в том, что в очень короткие сроки будет выполняться мультидисциплинарные исследования с включением нестандартных методов расширения для развития креативности наших ученых, а также это позволит собрать новые идеи от наших талантливых, активной молодежи и составит что-то новое.

А также, учредить ежегодный международный форум молодых ученых, который позволит не только расширить сеть сотрудничества, но и представит доступную платформу для освещения результатов достижения наших молодых ученых.

Федор МАЛЬЧИК, PhD, пост-докторант факультета химии и химической технологии:

Мои проекты выиграли 75 млн

– Начну немного с экскурса. Моя карьера как молодого ученого началась при поступлении в наш университет на факультет химии и химической технологии в докторантуру. Благодаря КазНУ в рамках пост-докторантуры я посетил Израиль, и в течении трехмесячной стажировки выполнил 80% своей PhD работы. Вернувшись оттуда в 2017 году декабре защитился, и уже в январе 2018 году был в Израиле на пост-докторантуре. Был сразу приглашен туда и провел там чудеснейший три года. Данные знания, сотрудничество или коллаборация выделились в десятки статей в высокоиндексированных журналах первого квартала. При чем большинство из них написаны непосредственно после моего возвращения с Израиля.

Какие еще бонусы могут представить зарубежные коллаборации? На данный момент я являюсь руководителем 6 проектов, два из которых успешно завершено и 4 из них являются действующими проектами финансируемые Министерством образования РК. В этом году мы выиграли еще один проект, руководителями являются израильский ученый Дорон Орбант и мой руководитель Андрей Петрович Курбатов. Сумма проекта выигранный мной достигает 75 млн тенге за три года, то есть по 25 млн в год.



На данный момент я являюсь руководителем 4-х таких проектов. Но на этом не останавливаемся, мы в этом году в рамках молодых ученых начинаем проект совместно с Францией.

Мой основной посыл в том, что 80% коллектива местных лабораторий являются молодыми учеными до 30 лет. Чтобы выйти на международный уровень, показать свою квалификацию им необходимо проходить зарубежные научные стажировки в именитых местах, там, где развита область данной науки, которая они специализируются. Поэтому я призываю наших руководителей не жалеть финансирование для поездок зарубежной стажировки. Слава Богу, наш университет выделяет много программ по академической мобильности. В одной непосредственно участвовал я, и не безрезультатно, как уже было сказано, на данный момент я являюсь руководителем шести проектов.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен жылдан бастап көшбасшылық дәріс оқу дәстүрі қалыптасты. Республика күні мерекесі қарсаңында білім алушы жастармен жүздесіп, дәріс оқуға әділет генерал-майоры, ҚР прокуратурасының құрметті қызметкері, заңгер Мұхтар Жергенбаев арнайы келді. Мұхтар Әкебайұлының тағылымды өмірлік жолы бүгінгі студент – болашақ маманға үлгі-өнеге.

Университет қабырғасында өткен көшбасшылық дәріске зиялы қауым өкілдері, прокуратура және ішкі істер саласының ардагерлері, оқытушы-профессорлар құрамы, қызметкерлер мен білім алушы жастар қатысты.

Дәстүрлі көшбасшылық дәрісті қара шаңырақ білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Мұхтар Әкебайұлы қай қызметте болса да, өзін кәсіби маман, мықты ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде көрсете білген азамат екенін атап өтті. «Генерал-майор шенін кез келген адам ала бермейді. Мұхтар Әкебайұлы өмір бойы әділет, прокуратура саласында тынымсыз еңбек етті. Талай қылмыстың бетін ашты, талай адамның тағдырына араша түсті, кеңестік жүйенің темірдей қатал тәжірибесінен өтті. Тәуелсіз Қазақстанның құқық, әділет саласы қызметтерінің қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Сөйтіп, осындай биік межеден көрінді», – деді.



метіміздің бәрі жағымсыз емес, арасында осындай қуаныштар да болып тұрады.

Қазір енді заман басқа. Құқық саласында талай реформа орын алды. Менің бір өкінетінім, ескінің бәрі нашар деген желеумен жылдар бойы қалыптасқан мектепті қолданыстан мүлде алып тастау орынсыз. Мен жүрген жерімде айтамын, бұл шалақ реформаторлардың жөнсіз әрекеті. Ол біздің жағдайымызға, менталитетімізге сай ма, жоқ па, оған мән бермей, немістердің практикасын алып келді. Бұл енді тамыры жоқ өсімдік сияқты. Өзгенің тәжірибесін таңсық көретін әдетіміз ғой, шетелдің тәжірибесін түбегейлі көшіріп әкелмей, қажеттісін, өзімізге бейімделген нұсқасын алуымыз керек еді. Қалай болғанда да, жылдар бойы қалыптасқан тәжірибені бұзу қиянат. Енді арада біршама уақыт өткеннен кейін ішкі істер

Мұхтар ЖӨРГЕНБАЕВ, әділет генерал-майоры:

Тергеуші де шәкірт тәрбиелеуі тиіс

Біздің ата-бабамыз «Адам – керуен, өмір – жол» деп тегін айтпаған. Әр адамның өмір жолында өз көш-керуені болады. Көшің қалай түзіледі, қалай өрлейді, қалай құлдырайды... Ол өзіңнің сана-сезіміңе, болмыс-бітіміңе, қарым-қабілетіңе, біліміңе байланысты болмақ. Оқымаған, көңілге ештеңе тоқымаған, білімсіз адамнан не сұрайсыз? Ештеңе сұрай алмайсыз. Сондықтан адам баласына ең алдымен білім керек. Мынадай кең, әдемі, заманауи мекенде білім алып жатқан сіздер бақыттысыздар. Қара шаңырақтан қандай адамдар білім алып шыққанын өздеріңіз білесіздер, олар жайындағы мәліметтер университеттің музейінде бар, оқу ошағы қабырғасында суреттері ілулі тұр. Оның үстіне сіздер мүйізді қарағайдай профессорлардан, білікті ұстаздардан білім алып жатырсыздар. Олардың айтқан ақыл-кеңестеріне жүрдім-бардым қарамаңыздар. Жақсы шәкірт болсаңыздар, сіздерден жақсы ұстаз шығады. Ал ұстаз деген – мәртебелі есім. Сондықтан өздеріңдей өрендер имене басып жұмысқа келгенде алдымен алған біліміне қарайтынбыз. Білімді болсаңыздар, алмайтын асу жоқ. Осындай күнге бәріміз де алған ілімнің арқасында жетіп отырмыз. Тәжірибе дегеніңіз бірте-бірте уақыт арқылы араға жылдар салып келеді. Демек, білім – қазына. Қарапайым тілмен айтқанда, өмірге азық, жейтін наның. Жастар әрқашанда білімге ынтық, құштар болғаны абзал. Әрине, жастық шақ қайта айналып келмейді, араларыңызда еркін жүргісі келетін, сабаққа атүсті қарайтындарың бар шығар, алайда қазіргі заман өзгеше, білімділердің заманы екенін естен шығарып алмаңыздар.

Құрметті жастар, білімді сатып алуға болмайды. Ойға сіңірген ілім-білім мен сатып алған білімнің арасы жер мен көктей. Бойға дарымаған оқумен ұзаққа шаба алмайсыздар. Бәлкім, менің бұл әңгімем сіздерге пафос сияқты сезілер, әйтсе де бұл шындық. Қазір жастарға үлкен мүмкіндіктер бар, шамаларың келсе кітапты «кеміруге» тырысыңыздар.

Әрине, бүгінгі оқу-білім жүйесінде мәселе жоқ деп айта алмай-

мыз. Жалпы, білім берудің сапасы төмендеп кеткені шындық. Сіздер көшіріңіздер, кеңестік жүйені бүгін көбірек еске алып отырмын, өйткені ол кезде білімнің сапасы жақсы, жоғары болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізде жекеменшік оқу орындары көбейіп кетті. Тіпті аудандарда университеттер ашылды. Олардың техникалық базасы қандай, оқытушылық құрам қандай, қай деңгейде білім беріп жатыр – онымен ешкімнің шаруасы болмады. Міне, Жансейіт Қансейітұлы Білім және ғылым министрі болып тұрған кезде осындай келеңсіздікпен күресті. Сапасыз білім ошақтарын жапты. Сол үшін қаншама сөз естіді, таяқ жеді. Жансейіт Қансейітұлы бұл жерде жеке басының мүддесін қүйттеген жоқ, елдің, ұлттың келешегін ойлағаннан кейін осындай қадамға барды және дұрыс істеді. Себебі сапасыз білімнің елдің болашағына ешқандай абырой әпермейтінін білді, түсінді. Ал оның дұрыс әрекет болғанына арада жылдар өткеннен кейін көзіміз жетіп отыр.

Енді өзімнің тергеушілік тәжірибеме тоқталып өтейін. Негізі, менің заңгер болғанымды әкешешем қаламады. Әкем «ағаларың құсап Ауыл шаруашылығы институтына барасың» деді. Анам – жер ауып келгендердің ұрпағы, ол да құқық саласында жүргенімді қаламады. Содан мені Алматыдағы Ауыл шаруашылығы институтына жіберді, жолым болып оқуға түсіп кеттім. Бірақ амалдың жоқтығынан жүрмін, өйткені жүрек қаламаған соң, оқу қиын екен. Өйткені менің санамда көрші атамның «сен сот боласың» деген сөзі жатталып қалған, сол маза бермеді.

Ауылда бір қапсағай денелі көрші ата болды. Таңертең біз ұйқыдан тұрғанда есігінің алдында отырады. Содан әкеміз «барыңдар, үлкен кісіге сәлем беріңдер» деп бәрімізді үйретіп қойған, көзімізді тырнап аша салысымен әлгі атаға амандасуға жүгіреміз. Сонда ол кісі үнемі маған «қалқам, сен сот боласың» дейтін... Неге олай дейтінін білмеймін, бәлкім, менің бойымнан бір қасиет, яки бір белгі көрген шығар, білмеймін, әйтеуір, үнемі солай дейтін және онысы бір жыл емес, мен есейгенше жалғасқан дәстүр еді. Содан Ауыл шаруа-

шылығы институтын тастап, әскерге кеттім. Келген соң, Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап, жолдамамен сол кездегі Гурьев, қазіргі Атырау облысына қатардағы тергеуші болып барып, ұзақ жыл еңбек еттім. Кейін Атырау облысының прокуроры қызметін атқарып, бір-ақ қайттым.

Шіркін, ол кездегі құқық қорғау саласындағы қалыптасқан жүйе, тәртіп, мектеп, оқу жүйесі мүлде өзгеше еді. Бізді тергеушілікке баулығанда психология, логика сынды пәндерді тереңдете оқытатын. Әрине, дәл қазіргідей компьютер толы ақпарат болған жоқ. Сондықтан әр ақпарат аяғымызбен барып, адамдармен сөйлесіп, зерттеп-зерделейтінбіз. Экспертиза дегенінді Алматы, Саратов, Мәскеу жаққа жіберетінбіз. Негізі, ішкі істер мен прокуратураның тергеу амалдары екеуі екі түрлі келеді. Олардың айырмашылығы неде? Мысалы, менің тәжірибемде айыпкерді, сезікті адамды прокуратура тергеушісі қинапты, сабапты дегенді естімедім. Бізді ондай әрекетке баруға үйреткен жоқ. Бізге тергеу жұмыстарының тактикасын үйретті. Ақпарат жинау, дәлел келтіру т.б. амалдарға баулыды.

Өздеріңіз білесіздер, прокуратура тергеушісі тек ауыр қылмыстарды ашу ісімен айналысты, атап айтқанда: адам өлтіру, зорлық-зомбылық көрсету, аса мол көлемде мемлекет қаржысын қымқыру және т.б. қылмыстар еді. Ал, жасыратыны жоқ, ішкі істер тергеушісінің қылмысты ашу барысында түрлі әрекеттерге баратынын, тіпті күш, зорлық көрсету қолданатынын білесіздер. Ол құпия емес. Менің есімде бір оқиға қалды. Ішкі істер саласының тергеушісі, шені капитан, бір істі тергеу барысында «жауаптан жалтарды, мойындамады» деген желеумен өрімдей жасөспірімді терезеден лақтырып жіберген. Осы істі мен тергедім. Тергеу амалы ұзаққа созылды. Әрине, айыпкер жасаған қылмысын мойындамайды, «өзі құлап кетті» дейді. Ал мен бұл істі соңына дейін жеткіздім және әлгі капитанның жасөспірімді терезеден лақтырып жібергенін дәлелдедім. Сондағы тергеушінің уәжі «оқиғаны мойындамағанына ашуым келіп, осындай

ӨМІР-ДЕРЕК

Мұхтар Жергенбаев 1981 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін тамамдаған. Сол жылдан бастап прокуратура органдарында жауапты қызметтер атқарды. Прокурордың көмекшісі, аға тергеуші, аса маңызды істер бойынша тергеуші, прокурордың орынбасары сияқты сан қырлы сатылардан өтіп, тәжірибе жинақтады. Атырау қаласының прокуроры, Алматы облысы Талғар ауданының прокуроры, Алматы облысы прокурорының 1-орынбасары, Атырау облысының прокуроры, Түркістан облысының прокуроры сияқты міндеттерді мінсіз атқарды. ҚР прокуратурасының құрметті қызметкері. Алматы облысы Райымбек ауданының құрметті азаматы.

әрекетке бардым» дейді. Әрине, ол өзіне лайықты жазасын алды.

Осы жерде тағы бір оқиға ойыма оралып жатыр. Кеңестік жүйеде 76-5 деген бап болды. Аса ауыр қылмыс жасағандарға ату жазасы бұйырылатын үкім. Мемлекет қаржысын талан-таражға салған (15 мың рубльден асса, осы баппен жазаға кесіледі) кәсіптік-техникалық училищенің 15 директоры осы бапқа іліккелі тұр. Ішінде танымал ел ағалары бар, партия мектебін бітіргендер де жүр, бір-екеуі Ленин орденінің иегерлері. Осы істі жүргізгенде менің шашым ағарып кетті... Абырой болғанда, іс сотқа жеткенде заң өзгеріп, ату жазасы 143-бапқа, яғни лауазымды қызметін асыра пайдаланғаны үшін деген бапқа өзгеріп, әлгі директорлар ату жазасынан құтылды. Істі 180 томмен бітірдім, жаңа айттым ғой, уайымнан шашым ағарып кетті. Әлі күнге дейін істің беті қарап, жазаның жеңілдетілгені үшін Аллаға алғыс айтамын. Біздің қыз-

саласына қарайтын кейбір мәселелерді қайтадан прокуратураға қайтару жөнінде заң жобасы жасалды. Елдің, мемлекеттің, азаматтардың мүддесін қорғау, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың қауіпсіздігін қорғау жағын қайтару мәселесі көтеріліп жатыр.

Әрине, кез келген мамандықтың өзіне тән қиындығы болады. Тергеушінің тәжірибесі бір-екі жылда қалыптаспайды. Ол бұрынғыдай барлық сатыдан – аудандық, қалалық, облыстық деңгейден өтуі керек. Сонда тәжірибе қалыптасады, мектеп орнығады. Тергеуші де шәкірт тәрбиелеуге тиіс, өйткені ол – ұстаз. Ал шәкірт болмаса, ұстаз қайдан шығады? Осы жерде бір қызық оқиға айтып берейін. Алғаш жолдамамен Атырауға барғанда қонақүйде маса шағып, түнімен ұйқы бермеді. Содан жұмысқа қабылданар кезде балалық қой, «мен кетемін, бұл жақта жұмыс істей алмаймын, түнімен қандашаң» дедім. Мен тауда өскен адаммын, масаның қандай болатынын білмеймін. Иманғали Сейітұлы деген ұстазымыз болды, сол кісі кеңк-кеңк күліп алып, «Келін бала бар ма?» – деді. «Жоқ», – дедім. Онда сен түнімен қыдыр, маса түнде шығады, сағат үшке дейін ұйықта, содан кейін жұмыс істейсің» деді. Бұл ұсыныстың маған жаққаны сондай – етім үйреніп алды. Арада біраз уақыт өткеннен кейін «шақырып жатыр» деген соң, ұстазымның алдына бармаймын ба? «Жағдайың қалай?» деді. «Жақсы, сіз шақырған соң келдім» деймін ғой әлгі жерде. «Маса не болып жатыр?» дейді. Балалық әрекетім есіме түсіп, күліп жібердім. «Болды енді, қалыпты жұмысқа көш», – деді. Егер сол кезде ұстазым басқаша шешім шығарғанда, бәлкім, тағдырым бұлай болмайтын шығар еді, кім білсін?!

Көрдіңіздер ме, өмірде кездейсоқ ештеңе жоқ. Мүмкін, көрші атаның батасы дарыған болар, әлде масадан безіп, кері қайтқанымда менің өмір жолым қалай қалыптасар еді деп осы күні ойға шомамын. Айналып келгенде, бәрі өздеріңізге, содан кейін тағдырыңа, маңдайдағы жазуға байланысты.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Об истоках и развитии КазГУграда

На днях во Дворце студентов КазНУ им. Аль-Фараби состоялось открытие мемориального барельефа Тараса Сатагамбетовича Тулегенова, первого директора строящегося комплекса КазГУграда, 50-летие которого, празднует страна.



Открывая мемориал, Председатель совета директоров НАО, ректор КазНУ им. Аль-Фараби, академик Туймебаев Жансеит Кансеитович, отметил, что стройка единственного в стране студенческого кампуса началась в сложные для экономики годы: дефицит финансовых и строительных ресурсов, отечественных кадров. Однако благодаря великим личностям государственных деятелей того времени стройка велась поэтапно и по плану.

У самых первых истоков идеи проекта был академик Ф.З.Закарин, который будучи ректором КазГУ в 1961-1970 годы внес предложение руководству страны о необходимости создания комплекса КазГУ и при поддержке Секретаря Компартии Казахской ССР Д.А.Кунаева добился выделения для грандиозной стройки территории на фоне гор в живописном районе г.Алматы. Реализацию идеи начал академик У.А.Джолдасбеков. Легендарные личности заложили основы лучшего и единственного в стране и Центральной Азии университетского кампуса.

Для строительства комплекса была создана Дирекция, руководителем в 1971 году был назначен Тарас Тулегенов, получивший отличное образование в Московском государственном

строительном университете и опыт работы Казгидропроекте, а также в сфере подготовки специалистов строительной отрасли. Огромная работа проводилась первым студенческим отрядом, председателем которого был назначен Рахман Алшанович Алшанов, ныне ректор лучшего в стране частного университета Туран. Огромную поддержку в привлечении студенчества оказывал секретарь партийной организации университета Зулхаир Аймухаметович Мансуров.

Слаженная команда под руководством ректора У.А.Джолдасбекова начала строительство первого в республике студенческого кампуса. Здание Ректората, учебные корпуса биофака, географического, филологического, юридического и экономического факультета, библиотека, футбольное поле, комбинат питания, спортивный корпус были возведены при директоре строящегося комплекса Тарасе Тулегенове. Строительство Дворца студентов стало завершающим этапом в его 25-летней профессиональной деятельности.

В последующие годы довершалось строительство других кор-

пусов. Вместе с тем, первые корпуса требовали ремонта. В этом юбилейном году КазГУграда ректор Жансеит Кансеитович Туймебаев запустил программу модернизации этих корпусов и утвердил генеральный план обновления Нового КазГУграда.

Университет получил статус «НАО научно-исследовательский университет им. Аль-Фараби». На открытии мемориала памяти Тараса Тулегенова впервые Ректор озвучил возможный вариант новой формулировки названия нашего университета; видимо в ближайшее время будет обсуждаться и утверждаться.

Идея об открытии мемориала памяти Тараса Тулегенова была инициирована и продвигалась самым близким по духу и искренним другом – Рахманом Алшановым. На церемонии открытия коллеги, друзья также отмечали высокий профессионализм и замечательные личные качества Тараса Тулегенова: интеллигентность и искренность, поддержку молодых семей в решении жилищных проблем, устройство их детей в детсад и т.д. Он был талантлив во всем, и любил все красивое: прекрасно пел, был

оратором и сочинял стихи, хотя не обучался ни вокалу, ни литературному искусству.

Эмоциональный, эрудированный, неординарный Тарас не был рафинированной личностью, строго соблюдавшим каноны уставов: ничто человеческое было не чуждо ему. Были у него и ошибки, но, как сказал великий Конфуций: «Характер ошибок зависит от того, кем они сделаны. Только посмотрев на ошибки, можно узнать, обладает ли человек человеколюбием». Тарас Сатагамбетович был человеколюбив и глубоко переживал равнодушие. Трудно воспринимались им издержки рыночных преобразований и новые социальные ценности, принять которые человеку с тонкой натурой было не просто. Тарас был очень заботливым сыном, братом, отличным семьянином.

Семья, родные и близкие благодарны председателю совета директоров НАО, Ректору КазНУ им. Аль-Фараби Жансеиту Туймебаеву; члену совета директоров НАО, Ректору университета Туран Рахману Алшанову; председателю совета ветеранов КазНУ - Зулхаиру Мансурову за

светлую память о Тарасе Тулегенове. Благодарны проректорам университета Ф.Н.Жакыповой, К.Н.Абдуллаеву, команде ректора за поддержку в организации и реализации социально значимого проекта. Молодежь узнала много нового о нашем университете. Дети, племянники, внуки Тараса Тулегенова, в т.ч. и проживающие за рубежом, делятся с друзьями при встречах, в соцсетях радостной для них новостью.

На церемонии открытия присутствовали студенты университета, им были вручены именные стипендии Тараса Тулегенова с напутствием успешной учебы и развития профессионализма и личностных качеств по примеру знаменитостей нашего университета. Хранить память о лучших людях страны – это лучшая традиция нации, она связывает поколения.

Лайла БИМЕНДИЕВА,
декан факультета ВШЭБ

Мадина ТУЛЕГЕНОВА,
профессор кафедры
Экономика

Наш мир переживает глобальные изменения, каждый день происходят новые открытия. Все это благодаря современным цифровым технологиям. На сегодняшний день, информационное общество направлено на достижение высокого уровня благосостояния народа за счет развитой и доступной инновационной и инфраструктурных информационных технологий.

В Послании Президент Республики Казахстан среди основных задач по развитию страны в условиях Четвертой промышленной революции четко указано на необходимость внедрения информационно-технологических решений, направленных на повышение уровня производительности труда и повышения качества интеллектуального потенциала. Поэтому все системы образования, как указывает Глава государства в своем Послании,

Цифровизационный мир

должны отвечать современным потребностям экономики, которая определяет реальную востребованность профессий на рынке труда.

В информационном обществе главным ресурсом является информация, именно на основе владения информацией о самых различных процессах и явлениях можно эффективно и оптимально строить любую деятельность. Основными критериями развитости информационного общества является наличие компьютеров, уровень развития компьютерных сетей и количество населения, занятого в информационной сфере, а также использующего информационные и коммуникационные технологии в своей повседневной деятельности. Кто бы мог подумать, что с развитием интернета откроются такие возможности, появятся системы, роботы, способные заменить труд человека. Мы являемся участниками великих открытий. Возможно, скоро исчезнут «земные профессии», но зато появится ряд новых, более интересных, связанных с цифро-



выми технологиями. Развитие цифровизации происходит стремительно, причем затрагиваются абсолютно все отрасли.

Цифровизация – это внедрение современных цифровых технологий в различные сферы жизни и производства. Государство внедряет цифровизацию во все свои вертикали. Система анализа данных давно уже эффективно используется в исполнительной власти. Яркий при-

мер – розыск преступников с использованием онлайн камер на улицах или возможность отправить обращение в нужные инстанции по интернету. Теперь у казахстанцев есть доступ к удостоверению личности, паспорту вакцинации, водительскому удостоверению, свидетельству о браке, свидетельству о рождении и другим цифровым документам прямо в приложении Kaspi.kz. Документы надежно за-

щищены. Чтобы получить к ним доступ, пользователю необходимо подтвердить свое согласие одноразовым паролем. С помощью «Цифровых документов» можно получать услуги в ЦОНах, проходить регистрацию на внутренние авиарейсы, передвигаться на поездах внутри Казахстана, пользоваться услугами нотариусов и многое другое. К платформе электронной и мобильной коммерции подключены более 125 000 предпринимателей. С помощью Kaspi.kz они увеличивают продажи, развивают свой бизнес и создают новые рабочие места в Казахстане.

В заключении хотелось бы добавить, что цифровые технологии дают ряд преимуществ – упрощение доступа населения и бизнеса к государственным услугам, ускорение обмена информацией, появление новых возможностей для ведения бизнеса, создание новых цифровых продуктов и многое другое.

Гульмира НУРАХМЕТОВА,
к.ю.н., доцент кафедры
Гражданского права и
гражданского процесса,
трудового права

Дамира ИМАНКУЛОВА,
студентка 3 курса юридического
факультета

Талант МАУҚАНҰЛЫ:

ҚазҰУ-мен ортақ жоба жасамақ ойым бар



Профессор Талант Мауқанұлы – Вашингтон университеті Таяу Шығыс тілдері мен мәдениеттері кафедрасының доценті, Түркі және Орталық Еуразиялық зерттеулер бөлімінің директоры. Сонымен қатар Антропология кафедрасының, Лингвистика кафедрасының және Азиялық тілдер мен әдебиеті кафедрасының адыңонт-оқытушысы. UW-ге келгенге дейін ол Индиана университетінде (Блумингтон) және Висконсин (Мэдисон) университеттерінде қызмет атқарды. Жақында профессор Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, ф.ғ.д., профессор Жансейіт Түймебаевтың қабылдауында болды. Осы орайда, түрколог білім ордасына келудегі негізгі мақсатын ортаға салды.

– Қазақстан елшісі және бас консул биыл Вашингтон университетіне келген болатын. Сонда бізге қазақстандық университеттермен серіктестік құру, бірлесіп зерттеу жүргізу, конференция ұйымдастыру туралы ұсыныс айтқан-ды. Осы ойды жүзеге асыру мақсатында біздің (Вашингтон университеті) университеттің факультет, институттары қызметкерлерімен кездесіп, олардың Қазақстанға деген қызығушылығын байқадық. Қандай жоба ұсынғысы келетіні жайлы сұхбат жүргіздік. Сұрай келе, біздің университеттің Қазақстанның оқу ордаларымен бірлесіп жоба жасауға, зерттеу жүргізуге қызығушылығы барын білдік. Осы мақсатта Қазақстанға келіп, университет, институттармен бірлесіп жұмыс істеудің алғышарттарын қарастыра бастадық. Өзім түркологпін. 2010 жылдан бастап Қазақ хандығының тарихы туралы зерттеулер жүргіздім. Бұл бағытта екі монография бар: бірі – XVIII ғасырдағы Нұралы, Бопай хандардың Ресей империясына жазған хаттары. Ал екіншісі – XIX ғасырда Ресейге жазылған шағатай тіліндегі хаттар. Осы хаттарда айтылған жыр атаулары, кісі аттарын зерттеу мақсатымен Батыс, Шығыс Қазақстанда және Астанада болдым. Жақында ҚазҰУ-ға келіп, тарихшылармен кездесіп, сол жоба туралы ақылдастық. Америка, Еуропада түркология әлсіреп бара жатыр. Меніңше, келешекте Қазақстан түркітану бойынша әлемде көш бастайды. Алдағы уақытта ҚазҰУ-мен бір ортақ жоба жасамақ деген ойым бар. Әсіресе жас ғалымдарды тәрбиелеу, ортақ конференциялар ұйымдастыру аталмыш жобаның бастауы болмақ. Өзім қазақ болған соң, екі білім ордасы арасына дәнекер болсам деген үміттемін, – деді профессор.

Талант Мауқанұлының ғылыми концепциялары: әлеуметтік лингвистика; лингвистикалық антропология; әлеуметтік-мәдени антропология; тіл және мәдениет; тіл мен ұлт; миноритар тілдер; тіл құжаттамалары және тілдік өріс; тарихи лингвистика; тілдік байланыс; нәсіл және ислам; түркі тілдері; Қытай, Орталық Еуразия және Ресей тарихы т.б.

Талант Мауқанұлы – лингвист, түркі және әлеуметтік-мәдени лингвистика ғалымы. Оның зерттеулері Орталық Еуразия мен Қытайдағы тілдерге, олардың әлеуметтік және мәдени контексіндегі сөздерге, тілдің жойылып кетуіне, аз ұлтты тілдерге және этникалық ерекшелікке баса назар аударады. Бұл салада ауқымды дала жұмыстарын жүргізді. Ғалымның ғылыми-зерттеу және оқытушылық жұмысы түркі тіл білімі, тілдік құжаттама және сипаттама, лингвистикалық антропология және ислам антропологиясы салаларын қамтиды.

– Қазақстанға келудегі тағы бір мақсатым – жастармен кездесем, таныссам, олардың ой-пікірлерін тыңдасам, болашаққа қойған мақсаттары қандай, осы тұрасында сөйлесем деп едім. Сондай-ақ ҚазҰУ-да «Қазақ даласы: тіл және күш құдіреті» атты тақырыпта ашық дәріс оқымақпын. Сол дәрісте жастардың қандай мүмкіншіліктері бар екенін білгім келеді. Өз тәжірибеммен де бөлісуге ниеттімін. Себебі мансап жолым жастарға ойтүрткі болуы мүмкін. Батыс, Шығыс Қазақстанда көптеген студенттермен кездестім. Осы дәстүрді, міне, ҚазҰУ-да жалғастырып отырмын. Жас ғалымдармен кездесіп, пікір алмасу жаңа идеяның тууына негіз болмақ, – деді түрколог ғалым.

Талант Мауқанұлы түркі тілдері, Орталық Еуразия мен Қытайдың қоғамдары мен мәдениеттері бойынша магистратура және бакалавриат курстарында сабақ берді. Оның негізгі зерттеулері қазіргі уақытта жоңғар, тува тілінің құжаттамасы мен сипаттамасына қатысты жобаларды қамтиды. Қазіргі уақытта зерттеуші XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тілі мен қоғамының қайнар көзі – шағатай қолжазба дереккөздері бойынша көлемді жобамен айналысуда.

– Шетелде Қазақстан тарихы орыс тілі аудармасымен оқылып, зерттеліп жатады. Ал біздің мақсат – түпнұсқадан зерттеулер жасау. Ата-бабамыздың жанайқайын түсіну, қандай мақсатта таңба қалдырып, хат жазған, соны бүгінгі ұрпаққа жеткізу – негізгі мұрат. Қазақстанды аралап жүріп, әлі де зерттелмеген көп деректер барына көзім жетті. Бұл «іздеймін, зерттеймін» деген жас ғалымдар үшін үлкен мүмкіндік. Қазақстанда үкімет, университет тарапынан түркологияға қолдау көрсетуі жоғары деңгейде. Болашақта осы саланың даму түсіріне сенімім көміл. Вашингтон университетінде де қазақ тілін зерттейтін жас ғалымдар өте көп. Оларды тәрбиелеу үшін мүмкіншіліктер жан-жақты қарастырылған. ҚазҰУ-мен көптеген шетел оқу ордалары серіктестік құрғандай, Вашингтон университеті де тәжірибе алмасуға мүдделі. Сіздерде (ҚазҰУ) интроспектілік (introspective) жоғары сапада, яғни шетелдік көптеген ғалымдар мен университеттер осыған баса назар аударады. ҚазҰУ жастары университет тарапынан үлкен қолдауға ие. Алдағы уақытта лингвистика, антропология, тарих т.б. бағыттарда бірлесіп жұмыс істеу арқылы тың жаңалықтар ашамыз деп үміттенемін. Өйткені біз (Вашингтон университеті) бен сіздің (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) университет түркологияны зерттеуде көш бастаған әйгілі білім ордалары, – деп сөзін қорытындылады профессор.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

1980 жылдары Қазақстанның ұлттық табысы жан басына шаққанда одақтың деңгейден 12 пайыз кейін қалды. Экономикалық жағынан елде ілгерілеу орнына кейін кету етек алды. Ол аз десеңіз, Қазақстанның бірқатар аймақтары экологиялық зардаптан жапа шекті. Табиғи ортаны қорғау жұмысының жеткіліксіздігінен көптеген қалаларда ауаның ластануы өте жоғары деңгейге жетті. Экономикалық реформалардың дәрменсіздігі, орталықтың елді дағдарыстан шығара алмауы одақтас республикаларға тығырықтан шығатын жол іздеуге итермеледі.

Бұл – біз үшін тарихи күн



Сол жылдары халықтың басым көпшілігінде ұлттық сана-сезімнің даму деңгейі тежелді, ондаған жылдар бойына жинақталған проблемаларды көруге, оның ақ-қарасын ажыратуға Мәскеуден басқарылатын әміршіл-әкімшіл жүйе мүмкіндік бермеді. Кез келген қоғамның табиғи дамуы КСРО-да тұратын халықтың ұлттық ерекшелігінде екені ескерусіз қалды. Халық арасында ұлтын, тілін, діні мен ділін ұмыттыру жалғасты. Бұған кестік қоғамның бүкіл басқару жүйесі әсер етті.

1980 жылдардың екінші жартысында этникалық қайшылықтар КСРО жерінде ушыға түсті. Кеңес Одағы елдерінде ұлттық толқулар күшейді. 1990 жылы бірқатар республикалар, ең алдымен Балтық елдері тәуелсіз ұлттық мемлекеттерді құру туралы айтуды бастады. 1986-90 жылдары одақтас республикаларда ұлттық қозғалыс күшейіп, 1986 жылы Алматыда болған Желтоқсан көтерілісі мен одан кейін орын алған Тбилисидегі, Бакудегі, Вильнюстегі, Ферғанадағы оқиғалар ұлттық мәселелерді шешудің еш қандай бағыт-бағдары жоқтығын айқындады. Кеңес басшылары ұлт мәселесінің байыбын терең түсінбеді, сондықтан бірқатар ұлт республикалары Одақтан бөлініп шығып, өздерінің егемен мемлекет болуы жөніндегі талаптарын қойды. Міне, осының нәтижесінде 1988 жылы қараша – 1989 жылы мамыр айлары аралығында Балтық жағалауындағы Эстония, Литва, Латвия республикалары өздерінің егемендігі туралы алғашқы құжаттарын қабылдады.

Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын республиканың Жоғарғы Кеңесі 1990 жылы 25 қазанда қабылдады. Қазақстан бұрынғыша КСРО-ның субъектісі ретінде өрекет етті. Алайда өзінің басқа республикалармен өзара қатынастарын принципті жаңа шарттық негізде құрды. Ұлттық мемлекеттілікті қорғау мемлекеттің өзіне жүктелді. Төл мәдениетті, дәстүрді, тілді қайта өркендетіп, дамыту және қазақ ұлты мен Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту міндеті басым бағыт ретінде белгіленді. Қазақстан ұлтына және діни намынына қарамастан, азаматтықтың өзіндік институтын қалыптастырды. Еліміз ұлттық-мәдени және әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерінің жеке-дара шешімін, мемлекеттік билік пен

басқару органдарының құрылымы мен құзыретін, сондай-ақ республиканың рәміздерін айқындау құқығын баянды етті.

25 қазан – Республика күні ретінде мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы енгізілгенімен, бұл күн елімізде 1992 жылдан 2009 жылға дейін 17 рет атап өтілді. Қазақ қоғамында бұл күн ыстық ықыласпен қабылданғанымен, 2009 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасының «Мерекелер туралы» жаңа заңына өзгерістер енгізу барысында тоқтатылды. Бір айтарымыз, бұл күн ресми заң бойынша тоқтатылғанымен, халық жадында, қоғамда қалыптасып қалғаны мәлім еді. Өйткені бұл Қазақстанның бодандықтан босап, ел тәуелсіздігіне қадам басқан егемендік декларациясының қабылданған күні еді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылы 16 маусымда Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Осы орайда, біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алуымыз керек. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізу жөн екенін айтып, Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан біз жыл сайын 25 қазанды еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деді. Осылайша Мемлекет басшысының бастамасымен биылдан бастап 25 қазан мемлекеттік мерекелер қатарына қайта қосылды. Өйткені бұл тарихта өзіндік орны бар күн.

Қорыта келгенде, 13 жылдан бері мемлекеттік мереке мәртебесін жоғалтқанына қарамастан, 25 қазан – Қазақстанда өте маңызды күн. Бұл біздің мемлекетіміздің қалыптасуы мен дамуының басты қадамы болып саналатын, Қазақстан тарихындағы бетбұрыс кезең. Тәуелсіздік декларациясы – бұл адами және саяси ұстанымдардан бастап, еліміздің барлық ауқымды принциптерін көрсететін маңызды құжат. Дәл осы күні еліміздің берік іргетасы, теңдік пен құрмет орнаған еркін қоғам құрудың алғашқы негізі қаланды.

Болат САЙЛАН,
Қазақстан тарихы кафедрасының
профессоры, тарих ғылымының
докторы



Елдегі ең ірі университеттік кітапхана

Биыл Үкімет қаулысымен еліміздегі мереке күндерінің тізбесі «24 қазан – Кітапханашылар күні» деген тармақпен толықтырылды. Бұл мейрам – әлеуметтік тұрғыдан маңызы зор, осы бір кәсіпке қатысы бар адамдар үшін ғана емес, жақсы кітапты іздеп жүріп оқитын қарапайым оқырман үшін де айтулы күн.

Университет кітапханасы 1934 жылы оқу орнымен бір уақытта құрылды. 2012 жылы жаңа заманауи ғимаратқа көшіп, 2014 жылы оған Әл-Фараби атындағы кітапхана атауы берілді.

Бүгінгі таңда бұл кітапхана – елдегі ең ірі университеттік кітапхана. Ол университеттің 16 факультетінде оқитын 25 мыңнан астам студент пен магистрантқа, докторантқа және 5000-нан астам оқытушы мен қызметкерге оқу, ғылыми-зерттеу үдерістеріне ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетеді. Басылымдар қоры 2,5 миллионнан астам.

Әлемдегі ең ірі EBSCO, Springer, Elsevier халықаралық баспа үйлерінің толық мәтінді және реферативті дерекқорларына, сондай-ақ «Эпиграф» секілді отандық дерекқорына жазылым қамтамасыз етілген және әлемдегі ең танымал Scopus реферативті дерекқорын қолдануға мүмкіндік жасалған (elibrary.kaznu.kz/#resources).

Ауданы 1850 шаршы метр,



780 орындық классикалық оқу залы университеттің білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін 16 факультетке арналған кітап қорын және заманауи электрондық ресурстарды ұсынады; пайдаланушылардың қажеттіліктерін зерттеп, сапалы және тез ақпараттық қызмет көрсетеді. Классикалық оқу залының қосымша қорында 35 000-нан аса оқулық, ғылыми және көркем әдебиет бар. Кітап қоры ғылым салалары бойынша орналасқан. Қазіргі уақытта күнделікті оқу залына келетін оқырмандар саны 1000-нан асады.

Әл-Фараби атындағы кітапхана жаңа технологияларды белсенді меңгеруде. Кітапханаға RFID технологиясына негізделген автоматтандыру жүйесі енгізілді, нәтижесінде IRBIS 64 автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін (АБИС) және университет қызметкерлері мен студенттердің университеттің бірыңғай сәйкестендіру карталарын (ID-карта) кітапхана карталары ретінде интеграциялау мәселелері іске асырылды.

Сонымен бірге оқу залында RFID технологиялары негізінде жұмыс істейтін және оқырмандарға таңдалған әдебиеттерді дербес тіркеуге және оны үш күнге дейін алып кетуге мүмкіндік беретін өзіндік қызмет көрсету бекеттері орнатылды.

Оқу залында көшірме құрылғылары мен ELARSKAN A2-300 планетарлық сканері бар, оның көмегімен кітапхана пайдаланушылары таңдалған әдебиеттің қажетті беттерін ақысыз сканерлеп, өздерінің электронды поштасына немесе USB флэш-дискісіне жібере алады.

Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы кітапхана университеттің ақпараттық, білім беру және мәдени орталығы ретінде сапалы білім беруге, жоғары білікті мамандар даярлауға белсенді ықпал етіп келеді. Сапалы ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетіп, кітапханаларды интеллектуалдық дамудың заманауи орталықтарына айналдыруда кітапханашылардың рөлі зор.

Мәдина ОМАРОВА

ҰБТ-ға дайындық бізден басталады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында (мәліметпен толығырақ <https://www.kaznu.kz> сайтынан таныса аласыздар) Қазақстандағы жоғары оқу орнына түсу үшін Болон процесі бойынша оқитын шетел азаматтары және ҰБТ сынағына дайындалуға келген шетелдік қандастарымызбен бірге жергілікті жастар да ақылы бөлімде білім алады.

Бізге білім алу үдерісі тоғыз айдың ауқымында жүрсе де, тыңдаушылардың уақыты қызықты өтеді: әртүрлі іс-шараларға белсене қатысады. Республикалық, халықаралық деңгейде ұйымдастырылған спорттық, пәндік олимпиадаларға, өнер және шығармашылық байқауларға, сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алуда.

Кафедрада «Қазақстанға қош

келдіңіздер!», «Атамекен – алтын бесік», «Тәуелсіздік – тұғырым», «Әлемге ортақ мереке», «Армысың, Әз Наурыз!» секілді т.б. ұлттық мерекелер мен халықаралық мейрамдарға, атаулы күндерге орай, дәстүрлі салтанатты шаралар, концерттік бағдарламалар өткізіледі. Еліміздің Түркістан, Тараз секілді тарихи қалаларына және табиғаттың тамаша сыйы, інжумаржанымыз – Шарын шатқалы,



Есік көлі, Түрген сарқырамасы т.б. көрікті мекендерге саяхаттайды.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі саяси-қоғамдық тынысына, мәдениетіне, салт-дәстүріне бейімдеу

және ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, оларды құрметтеуге баулу мақсатында тыңдаушыларды ғылым-білім жолына жетелейтін ғылыми семинар, вебинарлар,

жас ғалымдар конференциясы ұйымдастырылады.

Шетелдік жастар үшін еліміздің әсем қаласы Алматыны таныстыруға арналған мәдени-танымдық саяхат сабағы мен қазақ халқының қонақжайлылығын, жалпы, өмір тынысын тереңірек таныстыру мақсатында Республика күніне орай, «Қазақстанға қош келдіңіздер!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Білімгерлердің бір-бірімен таныстығы, жаңа достармен кездесуі, ізденіс пен романтикаға толы жарқын студенттік өмірінің алғашқы қадамы осылайша кафедраның өнегелі тәлімінен басталады.

Айша БЕГАЛИЕВА,
Рахила НАРАЛИЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.